

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі  
Атбасар қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

**Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылының бірінші жарты  
жылдығының есебі**

**Мақсаты:**

Баланың қоғамдағы жеке басының әлеуметтік бейімделуі.

**Міндеттері:**

Балалар мен жасөспірімдердің үлгерімін арттыру және әлеуметтік бейімделу бойынша мектептің барлық мамандарының қызметін үйлестіру. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу.

1. Бақылаудың әртүрлі түрлерінен тұратын оқушыларды, балаларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.
2. Оқушыларда салауатты өмір салты туралы барабар идеяны қалыптастыру, оқу еңбегі процесінде оқушылардың шаршауының алдын алу.
3. Жоғары сынып оқушыларының білім беруді жалғастыруға деген ынғасымен танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру.
4. Балаларды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ақпаратпен қамтамасызетуге бағытталған әлеуметтік-ақпараттық көмек.

**2023-2024 оқу жылының жоспар бойынша келесі жұмыстар атқарылды:**

2023-2024 оқу жылдың қыркүйек айында сынып жетекшілерінің сыныптардың әлеуметтік паспорттары толтырылып тапсырылды. Сыныптардың әлеуметтік паспорттарын талдап, жеңілдетілген санаттар анықталып, мектептің әлеуметтік паспорты құрылды.

Оқушыларды, отбасыларды жеке әлеуметтік психологиялық педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру бойынша сүйемелдеу қызметі туралы бұйрық бекітілді.

Оқушыларды азқамтылған отбасылар тізіміне қосу жөніндегі алқалы орган құру туралы бұйрық бекітіліп, оқушылардың жеңілдікті санаттарын тегін тамақтандыруды ресімдеуге құжаттарды жинауға көмек көрсетіліп, алқалы комиссияның шешуімен азқамтылған отбасылардан шыққан оқушылардың тізімі құрылды. Айына бір рет брокераж комиссиясының мүшелері өз жұмыстарын жалғастыруда. Ас мәзірі бекітілген төртапталық ас мәзіріне сай жасалады.

Апталық ас мәзіріне сай тамақтың сапасын мектебіміздің медбикесі бақылап отырады.

Сынып жетекшілерімен тәуекел топқа жататын оқушылардың үйіне барып, тұрғын үй тұрмыстық жағдай актісі жасалды.

«Мектепке жол» акциясына аса мұқтаж көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға демеушілер көмегімен, «Ақ ниет» фонды, халық банктан материалдық көмек көрсетілді. Демеушілер киім кешек, аяқ киім, оқу құралдарын, рюкзактар алып берді.

5 «А»сыныбында салауатты өмір салты нормаларын насихаттау тақырыбында оқушылармен, дұрыс тамақтану, күн тәртібін сақтау, жаман әдеттерден аулақ болу туралы әңгіме жүргізіліп, 4«А» сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Жас ұрпақтың денсаулығы - ұлттың өркендеуінің кепілі. Сондықтан салауатты өмір салтын жан жақты насихаттау қажет.

Мектеп асханасында оқушылардың тамақтануын ұйымдастырылды. Мектепте 1-4 сынып арасында 219 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Азқамтылған отбасынан шыққан 5-11 сынып аралығында 10 оқушы тегін ыстық тамақ ішеді. Мониторинг жөнінде комиссия мүшелері асхананың тамақ сапасын, тазалығын бақылап отырады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар 5 оқушы бар. Аудандық конкурстарға өтінім беріліп, белсенді қатысып тұрады. 4 сынып оқушысы Қаз Нұртас аудандық «Жауапты болу деген не?» тақырыбы бойынша эссе байқауында III жүлделі орынға ие болды. Сондай ақ «Мен кітаппен әлемді ашамын» атты аудандық буктрейлер сайысында III орынға иеленді.

Мүмкіндігі шектеулі оқушылар «Мүмкін емес нәрсе мүмкін» атты аудандық мерекеге Мизембаева Асылжан, Қаз Нұртас, Аманбекұлы Ердаулет қатысып, көңілдерін көтеріп, тәтті сыйлықтарын алып қайтты.


Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балалар әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру. «.

Әкім шыршасына азқамтылған отбасынан екі бала, мүмкіндігі шектеулі оқушылардан екі бала қатысып тәтті сыйлықтар және жұмсақ ойыншық табыстады. Жастар орталығының ұйымдастырған шыршасына азқамтылған отбасынан 9 бала қатысып, тәтті сыйлықтарын алып қайтты.

«Тәуекел тобы» әлеуметтік тұрмыстық жағдайлары зерттеу жұмыстары жүргізілуде, тізімі құрылды. Зерттеу барысында сенімхатпен, өгей әкемен, өгей анамен және инклюзивті білім алу санатын анықтау, тізімге енгізу, уақытында көмек көрсету, бақылауда ұстау.

Педагогикалық кеңестерде, кеңестерде сынып жетекшілерге хабарламалар айтылады. Әлеуметтік педагог стенді жасалды.

Мектеп директоры:  Н. Алкенова

Әлеуметтік педагог:  Г. Муқанова

